



**«БЕКІТЕМІН»**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
казак-түрік университетінің президенті,  
профессор У.С. Абдибеков  
2016 ж.

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

## УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ УЕ-ХКТУ-057-2016

### «Бүгінгі түркология: өзекті мәселелері мен алдағы міндеттері» атты ғылыми семинар ЕРЕЖЕСІ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Түркология ғылыми-зерттеу институтымен  
**ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлеген - Түркология ғылыми-зерттеу институты  
директорының орынбасары Ж.Т.Танауова
3. Келісілді - Ғылыми және инновациялық істер жөніндегі  
вице-президент Т.П.Раимбердиев  
- Құқық бөлімінің басшысы А.Әбсеметов  
- Аккредитация және рейтинг орталығының  
басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ - 2017 ж.
- 5.Тексеру мерзімі - 2019 ж.

Қызмет бабында пайдаланалатын басылым

|   |                                    |   |                                    |  |
|---|------------------------------------|---|------------------------------------|--|
| К.А. Ясауи атындағы ХҚТУ<br>Сапа менеджменті басқармасы<br>ТЕКСЕРІЛДІ:<br>"10" 01 2022 ж. | КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ:<br>"10" 01 2024 ж. | К.А. Ясауи атындағы ХҚТУ<br>Сапа менеджменті басқармасы<br>ТЕКСЕРІЛДІ:<br>"30" 12 2019 ж. | КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ:<br>"30" 12 2021 ж. | К.А. Ясауи атындағы Халықаралық<br>Казак-Түрік университеті<br>Сапа менеджментінің жүйесі<br>ЖУМЫС ДАНАСЫ<br>№ 63<br>"30" 12 2016 ж. |
|---|------------------------------------|---|------------------------------------|--|

|  |                 |                     |
|--|-----------------|---------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>                        |                 | УЕ-ХҚТУ-057 -2016   |
| Сапа менеджментінің жүйесі   | Семинар ережесі |                     |
| «Бүгінгі түркология: өзекті мәселелері мен алдағы міндеттері»<br>атты ғылыми семинар ережесі |                 | 8 беттің 2 –ші беті |

### МАЗМҰНЫ

|  |   |
|--|---|
| 1. Қолданылу саласы                          | 3 |
| 2. Нормативті сілтемелер                     | 3 |
| 3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар | 3 |
| 4. Жауапкершілік және өкілеттілік            | 3 |
| 5. Ғылыми семинар мақсаты                    | 4 |
| 6. Ғылыми семинар құрылымы                   | 4 |
| 7. Ғылыми семинардың жұмыс тәртібі           | 4 |
| 8. Өзгерістерді енгізу тәртібі               | 6 |
| 9. Келісу, сақтау және тарату                | 6 |
| 10. Танысу парағы                            | 7 |
| 11. Өзгерістерді тіркеу парағы               | 8 |

|   |                 |                         |
|---|-----------------|-------------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>                     |                 | <i>УЕ-ХҚТУ-057-2016</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі  | Семинар ережесі |                         |
| «Бүгінгі түркология: өзекті мәселелері мен алдағы міндеттері» атты ғылыми семинар ережесі |                 | 8 беттің 3 –ші беті     |

## **1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Бұл ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» (21.07.2015 жылы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» заңдарына, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысына және аталған университетте білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша нормативті құжаттар жинағы – 2 (ғылым мен тәрбие) ережелеріне сәйкес жасалынды.

1.2 УЕ-ХҚТУ-057-2016 семинар ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## **2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)**

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- Бүгінгі түркология: өзекті мәселелері мен алдағы міндеттері» атты ғылыми семинар ережесін қабылдау туралы Университет Сенат мәжілісінің (28.XII.2016 ж. №3) шешімі;
- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

## **3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР**

3.1 Ғылыми семинар ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

- Университет: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
- Президент: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті;
- Институт: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түркология ғылыми-зерттеу институты;
- Ғылыми семинар жетекшісі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түркология ғылыми-зерттеу институты директоры;
- Ғылыми семинар хатшысы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түркология ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары;

## **4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК**

4.1 Түркология ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған ғылыми семинар ережесі Ахмет Ясауи университетінің Сенатында мақұлданады.

4.2 Түркология ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған ғылыми семинар ережесі Ахмет Ясауи университеті президентімен бекітіледі, ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-президентпен, Құқық және экономика бөлімінің басшысымен және Аккредитация және рейтинг орталығының басшысымен келісіледі.

4.3 Ғылыми семинар ережесі талаптарының енгізілуіне ғылыми семинар жетекшісі, Түркология ғылыми-зерттеу орталығының директоры жауапты болып табылады.

|   |                 |                         |
|---|-----------------|-------------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>                     |                 | <i>УЕ-ХҚТУ-057-2016</i> |
| Сапа менеджментінің жүйесі  | Семинар ережесі |                         |
| «Бүгінгі түркология: өзекті мәселелері мен алдағы міндеттері» атты ғылыми семинар ережесі |                 | 8 беттің 4 –ші беті     |

4.4 Ғылыми семинар ережесі талаптарының орындалуын ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-президент қадағалайды.

## **5 ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР МАҚСАТЫ**

**Ғылыми семинар мақсаттары төмендегідей:**

5.1 Түркология ғылымының өзекті бағыттары үшін ғылыми пікірталастар кеңістігін ұйымдастыру;

5.2 Ғылыми-педагогикалық қызметкерлерді ғылымның, техника мен технологияның дамуына үлес қосатын ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге тарту;

5.3 Зерттеулер бойынша алынған ғылыми нәтижелерді университеттің оқу процесіне енгізу;

5.4 Конкурстарға ұсынылатын мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылатын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды талқылау;

5.5 Университет оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми біліктілігін арттыру;

5.6 Магистрлік және докторлық диссертациялар тақырыптарының өзектілігін талқылау;

5.7 Қорғалатын магистрлік және докторлық диссертацияларға Университет тарапынан экспертизалық сараптау өткізу;

5.8 Түркология ғылымының басым бағыттары бойынша тұрақты түрде ғылыми семинарлар өткізу, қалыптасқан үрдістерді қорыту және баяндауға ұсынылған нәтижелерге талдау жүргізу болып табылады.

## **6 ҒЫЛЫМИ СЕМИНАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

6.1 Ғылыми семинар жоспары оқу жылының басында 1 жыл мерзімге құрылады. Ғылыми-техникалық кеңестің шешімі бойынша ғылыми семинардың жұмыс істеу мерзімін ұзартуға немесе уақытынан бұрын жұмысын тоқтатып, таратуға болады.

6.2 Университеттің сайтында ғылыми семинардың жұмысы туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін ғылыми семинардың бетпарағы жасалады, онда ғылыми семинар жұмысының жоспары, семинар жетекшісі мен хатшысы туралы мәліметтер беріледі.

6.3 Ғылыми семинар жұмысына Университеттің гуманитарлық ғылымдар факультетінің оқытушы-профессор құрамының атсалысуы міндетті.

6.4 Ғылыми семинар құрамын (жетекші, хатшы және семинар мүшелері) ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-президент ұсынады.

6.5 Ғылыми семинар құрамы университет президентінің бұйрығымен бекітіледі.

## **7 ҒЫЛЫМИ СЕМИНАРДЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ**

7.1 Ғылыми семинар мәжіліс түрінде өткізіледі және онда автордың белгілі бір ғылыми-зерттеу жұмысы және алдағы уақытта зерттеуден алынатын жаңалығы, күтілетін нәтижелері жайында баяндама жасалынады. Сала мамандары өз ұсыныстарын және өзекті мәселелер жайында пікірлерін білдіреді.

|  |                 |                     |
|--|-----------------|---------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>                                |                 | УЕ-ХКТУ-057-2016    |
| Сапа менеджментінің жүйесі   | Семинар ережесі |                     |
| <b>«Бүгінгі түркология: өзекті мәселелері мен алдағы міндеттері»<br/>атты ғылыми семинар ережесі</b> |                 | 8 беттің 5 –ші беті |

7.2 Ғылыми семинардың біріккен мәжілісі қазан-мамыр айы аралығында өткізіледі. Қыркүйек айында алдағы оқу жылындағы ғылыми семинар жұмысының жоспары қарастырылады.

7.3 Ғылыми семинар ашық түрде өткізіледі – баяндама жасаушылар мен тындаушылар ретінде қызығушылық танытқан тұлғалардың барлығы да қатыса алады. Семинарда ғылыми баяндамалардан басқа мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылатын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жетекшілерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша есебі тыңдалады.

7.4 Ғылыми баяндамалар ретінде қарастырылады:

- өзінің ғылыми жұмыс нәтижелері (оның ішінде докторлық, магистрлік диссертациялардың және диплом жұмыстарының тақырыптары бойынша);
- мемлекеттік бюджеттен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылатын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жетекшілерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша есебі;
- нақты тақырыптар бойынша ғылыми еңбектерге шолу;
- Түркология бағыты бойынша ғылыми әдебиеттердегі жаңа нәтижелермен таныстыру;
- перспективалық зерттеу әдістері туралы хабарландыру;

Баяндама жасауға берілетін уақыт 1 сағат.

7.5 Семинарға қатысу үшін ғылыми семинар хатшысына тіркелу қажет. Баяндаманың тақырыбы және мерзімі ғылыми семинардың жұмыс жоспарына алдын-ала енгізілуі керек.

Ғылыми семинарға қатысуға өтініш білдіру төмендегідей:

- баяндамашының тегі, аты, әкесінің аты;
- лауазымы және қызмет орны;
- магистранттар мен докторанттар үшін оқу орны және ғылыми жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты;
- баяндама тақырыбы;
- аннотация;
- байланысу мәліметтері.

7.6 Бір апта бұрын ғылыми семинардың өткізілетін нақты күні мен уақытын анықтауға мүмкіндік беріледі. Баяндама жасау барысында интерактивті тақтаны, мультимедиялық проекторды немесе плакаттарды пайдалануға болады.

7.7 Ғылыми семинарда ашық жариялауға ұсынылатын жұмыстар талқыланады.

7.8 Баяндамашы ғылыми семинар басшысы мен хатшысына өзінің баяндамасының электронды және қағаз түріндегі толық мәтінін, сонымен қатар баяндама тезисін белгіленген күннен кем дегенде екі апта бұрын ұсынады. Бұл тезис университеттің факультеттері мен кафедраларына таратылады және университеттің ғылыми семинар туралы сайтында жарияланады.

7.9 Семинар жетекшісі семинардың жұмыс жоспарын айқындайды, семинар хатшысы семинар мүшелері мен қызығушылық танытқан барлық тұлғаларға жоспарды таратады және оны Университет сайтының тиісті бетпарағына салып қояды.

7.10 Семинар хатшысы әр мәжілісте қатысушыларды тіркейді және мәжіліс хаттамасын жүргізеді, мәжіліс хаттамалары Түркология ғылыми-зерттеу институтында сақталады.

|   |                 |                     |
|---|-----------------|---------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>                     |                 | УЕ-ХҚТУ-057-2016    |
| Сапа менеджментінің жүйесі  | Семинар ережесі |                     |
| «Бүгінгі түркология: өзекті мәселелері мен алдағы міндеттері» атты ғылыми семинар ережесі |                 | 8 беттің 6 –ші беті |

## 8 ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТІРТІБІ

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ – 4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістер тіркеу қағазына» (қосымша Б) тіркелуі тиіс.

## 9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

9.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі семинар хатшысына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі тұлғаларға жіберіледі: вице-президенттерге, факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне және оқытушы-профессорлар құрамына.

9.3 Осы университет ережесінің бақылау данасы Аккредитация және рейтинг орталығына сақтауға беріледі.

### КЕЛІСІЛДІ

Ғылыми және инновациялық істер жөніндегі вице-президент



Т.П.Раимбердиев

Құқық бөлімінің басшысы



А.Әбсеметов

Аккредитация және рейтинг орталығының басшысы



Ж.Дарибаев

|   |                 |                    |
|---|-----------------|--------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті                            |                 | УЕ-ХКТУ-057-2016   |
| Сапа менеджментінің жүйесі  | Семинар ережесі | 8 беттің 7-ші беті |
| «Бүгінгі түркология: өзекті мәселелері мен алдағы міндеттері» атты ғылыми семинар ережесі |                 |                    |

Қосымша А

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| №  | Аты-жөні         | Қызметі             | Мерзімі      | Қолы        |
|----|------------------|---------------------|--------------|-------------|
| 1  | Трамаурова М.    | директор орынбасары | 10. I. 2017  | [Signature] |
| 2  | Ертаев Б         | аға лаборант        | 10. I. 2017  | [Signature] |
| 3  | Шайхонгалиева М. | зоология студенті   | 10. I. 2017  | [Signature] |
| 4  | Тоқмет Б. С      | мет. Ғал. қызм.     | 10. I. 2017  | [Signature] |
| 5  | Өмірбаев С       | аға Ғал. қызм.      | 10. 01. 2017 | [Signature] |
| 6  | Жиенбаев С       | аға Ғал. қызм.      | 10. 01. 2017 | [Signature] |
| 7  | Аманбаев С       | аға Ғал. қызм.      | 10. 01. 2017 | [Signature] |
| 8  | Турсунбаева Н    | КФҚ                 | 06. IX. 2017 | [Signature] |
| 9  | Мамсуров Н. Б.   | директор орынб.     | 09. 09. 2018 | [Signature] |
| 10 | Ахметжан М.      | ам Ғал. қызм.       | 09. 09. 18   | [Signature] |
| 11 | Зайыржан Н       | қим. ғыл. маманы    | 09. 09. 18   | [Signature] |
| 12 | О. Исабаев       | А. Ғал. қызм.       | 07. 09. 18   | [Signature] |
| 13 | Сабанбаева Р.    | зоология студенті   | 01. 10. 2018 | [Signature] |
| 14 | Serdar Dapitov   | Director            | 26. 11. 18   | [Signature] |
| 15 | Утебаев С. Б.    | зоология студенті   | 07. 09. 2020 | [Signature] |
| 16 | Мурманова З. Д.  | зоология студенті   | 07. 09. 2020 | [Signature] |
| 17 | Тоқмет Б. С      | мет. Ғал. қызм.     | 08. 09. 20   | [Signature] |
| 18 | Бекжан О. Б.     | аға Ғал. қызм.      | 08. 09. 2020 | [Signature] |
| 19 | Бүләк Байрам     | директор            | 01. 09. 2020 | [Signature] |
| 20 | Сабанбаева Р     | зоология студенті   | 07. 09. 2020 | [Signature] |
| 21 | Молдашева М      | директор орынбас.   | 06. 09. 2021 | [Signature] |
| 22 | Ертаев Б         | зоология студенті   | 02. 02. 2022 | [Signature] |